



Астана – Тәуелсіздіктің киелі тұмары

Виртуалды көрме

www.libr.e-taraz.kz

Тараз - 2018



Тәуелсіздік жылдардағы ең жарқын жетістік – болашақпен жарысқан жаһандық мегаполис Астана Елбасының ғаламат идеясының жүзеге асуы және Қазақстан халқының ерен еңбегінің жемісі. Астана бүкіл елді магистральді локомотив тәрізді алға сүйреді. Бүгінгі Астана – асыл тастан тұрғызылған асқақ қала. Ерке Есілдің жағасында орналасқан, жаңа ғасыр ғажабынан жаралған ертегідей Елорда, әлемдегі ең жас қала. Кең даладағы жай ғана қала емес, саяси ерік-жігер, үкілі үміт, көркею, тәуелсіздік көрінісінің нышаны.




*Астана — азаттықтың төл туындысы.
Оның авторы және бас архитекторы —
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев!*






1994 жылы 6 шілдеде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың батыл да төгеуіңді ұсынысымен Қазақстан Республикасының Парламенті ел астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылдады. 1998 жылы Ақмола қаласы Астана болып жарияланды. Елбасы Ақмола қаласының Тәуелсіз мемлекетіміздің астанасы болып таңдалуының 32 негізгі өлшемін көрсетіп берді. Олар: әлеуметтік - экономикалық, геосаяси, көлік инфрақұрылымы, инженерлік-коммуникациялық, құрылыс, еңбек ресурстары және басқа да қолайлы мүлкіндіктер еді. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылған осы артықшылықты өмір шынайы екендігін нақты дәлелдеді.

Баяғы – Ақмола, кешегі – Целиноград бүгін Астана болып, еркін елдің елордасына айналды. Қысқа мерзім ішінде адам танымастай өзгеріп бүгінгідей еңсесі биік, экономикасы қуатты қалаға айналды. Оның көз ілеспес даму динамикасы талайларды тамсандырды. Елбасы мен елорда егіз ұғым. Астананың оң бойында Нұрсұлтан Назарбаевтың ғасырлық қолтаңбасы жасампаздыққа жетелеген жарқын жеңісі жатыр. Астананың 20 жылдық мерейтойына орай виртуалды көрмемізге қош келдіңіздер!







[Толық мәлімет...](#)




[Толық мәлімет...](#)




[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)




[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)




[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)

66.3 (5Қаз)8
Н17

Нұрсұлтан Назарбаев [Фотоальбом] : өмірбаян. - Астана:
Деловой Мир Астана, 2013. – 320 б.



Қазақстан Республикасының тәуелсіз даму тарихы оның негізін қалаушы әрі Тұңғыш Президенті - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тікелей байланысты.

Бұл кітап Н.Ә. Назарбаевтың өмірі мен қызметін ресми тарихи-ғұмырнамалық зерттеудің алғашқы тәжірибесі деуге болады. Мұнда оның қарапайым ауылдағы жасөспірім кезінен бастап, ұлт көшбасшысына дейінгі өмір жолы баяндалады.

Ауқымды мұрағат материалдарының негізінде әзірленген өмірбаян Қазақстанның ең бертінгі тарихы бойынша елеулі құжаттама көзі болып табылады. Кітапта фотосуретпен безендірудің бай материалымен бірге, жеке құжаттарды түпнұсқаларымен тең мәндес көшірмелерінің алғаш рет ұсынылуы да бұл басылымға айрықша құндылық береді. Ал мұның өзі оқырманның суреттелетін оқиғалар ауанына толығырақ қанығуына септігін тигізеді.

Кітап оқырмандардың кең ауқымына арналған.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)


63.3(5Қаз)я6
Ш31

Шахай, Ш. Астана - Қазақстанның жүрегі [Мәтін] =
Астана сердце Казахстана = Astana the heart of Kazakhstan. /
Шахай Ш. - Астана: Сарыарқа, 2012. – 340 б.

Еліміздің бас қаласының, Елбасымыздың қажырлы күш-жігерінің арқасында қанатын кеңге жайып бара жатқан Елорданың кешегісі мен бүгінгісі, оның ертеңгі қадамдары республикаға белгілі фотожурналист, көп жыл Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің жеке фотосуретшісі қызметін атқарып жүрген Шүкір Шахайдың «Астана - Қазақстанның жүрегі» атты фотоальбомында жан-жақты көрсетілген.

«Астананың өркендеуі - Қазақстанның өркендеуі» деген ұғымды терең аша келіп, еліміздің әр аймағы бойынша суреттерді алға тарта отырып, сол арқылы Елорданың маңыздылығын, алатын орнын, мәртебесін айқындай түседі.

Кітап-альбом көпшілік оқырмандарға арналған.




[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

92(5Қаз)
А89

Астана [Мәтін] : энциклопедия. - Алматы: Атамұра,
2008. – 576 б.

«Астана» энциклопедиясы Қазақстан Республикасы жаңа астанасының тарихын баяндайды. Әрине қала бұрын да Есіл өңіріндегі Ақмола облысы мен республика өмірінде маңызды орын алған болатын. Астананың Алматыдан Ақмолаға (қазіргі Астана) көшірілуі шетелдіктер мен республиканың барлық тұрғындары аса қызығушылықпен бақылаған қаланың «ғажайып» қайта гүлденуіне шешуші ықпал етті.

Энциклопедияда Астана (Ақмола, Целиноград) тарихымен тығыз байланысты тарихи тұлғалардың, ғылым, білім, мәдениет, өнер, медицина саласы қайраткерлерінің өмірі мен қызметі жөнінде көптеген жеке мақалалар берілген.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

63.3(5Қаз) Назарбаев, Н. Еуразия жүрегінде [Мәтін] /
Н17 Назарбаев Н. - Алматы: Атамұра, 2005. – 192 б.




Астана – Қазақстанның жаңаруының нышаны, оның көп ұлтты халқының жасампаз күш-қуатының куәсі.

Н.Ә.Назарбаевтың «Еуразия жүрегінде» атты кітабінде күрделі шешімдер, қанаттастардың көмегі, сәулет саласындағы ізденістер, қаланың болашағы туралы ойлар, өлкенің аңыздары мен жер-су атаулары, тұрмыстың түйіткілдері, тарихи салыстырмалар, Астананың бедері мен әсемдігі, бір сөзбен айтқанда жаңа елордаға арналған Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ойлары мен істері жайлы осы кітаптан оқуға болады.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

63.3(5Қаз)я6
А89

Астана үшін мың тағзым! [Фотоальбом] = Immensely Grateful
for Astana! - Астана: Фолиант, 2012. – 160 б.



Елордамыз Астана - Тәуелсіздігіміздің асқақ символы, ұлылығының нышаны, ұлтымыздың әлем жұртшылығы алдындағы мақтанышы. Елбасының тікелей басшылығымен бойын тік көтерген Елордамыз аз уақыт ішінде ертегі әлеміне айналып, көпшіліктің қызығушылығын тудырып отыр.

Жинақта Елордамыз туралы жергілікті тұрғындар мен қала қонақтарының бас қаламызға деген шынайы сүйіспеншіліктері, сәулетті шаһар тұрғызған Елбасына деген алғыстары мен жылы лебіздері топтастырылған.

Кітап-альбом көпшілік оқырман қауымына арналған.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

81(076.3) Қ45 Қасымберкебаева, Г. Әлімбек, Г. Астанаға қош келдіңіз! [Мәтін] = Добро пожаловать в Астану! : ағылшынша-орысша-қазақша, қазақша-орысша-ағылшынша тілдескіш / Г. Қасымберкебаева, Г. Әлімбек. - Алматы: Сардар, 2017. – 208 б.




«Астанаға қош келдіңіз!» деп аталатын бұл құралда елімізге келген шетелдік азаматтардың қарым-қатынасына ең қажетті «Сәлемдесу», «Әуежайда», «Қонақүйде», «Мейрамханада», «Күн райы», «Ақша айырбастау», «Дәрігерлік көмек», «Әсем Алматы», «Астанаға қош келдіңіз!», «Қаладағы бағдар», «Кәдесый дүкенінде» сияқты тақырыптар қамтылды. Бұл құрал биыл Астанада өткен тарихи шара - ЭКСПО көрмесімен тұспа-тұс дайындалып отырғандықтан «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі тақырыбына да арнайы орын берілді. Сіздерге ұсынылып отырған әлемнің ең кең тараған 6 тілін қамтитын үштілді тілдескіш құрал осы мақсатпен және Астананың Елорда мәртебесін иеленуінің 20 жылдығына орайластырып дайындалып отыр.

Бұл көптілді тілдескіштер Астанаға келген қонақтар мен шетелдік туристерге танымдық әрі практикалық көмек беретін өте пайдалы құрал.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

84(5Қаз) Түгел, С. Астана хикаялары [Мәтін] / Сәдібек Түгел. - Астана:
Т90 Фолиант, 2014. – 408 б.



Астана қаласының туу тарихының қалай басталғандығын баяндайтын бұл кітап Астана әлеміне ашылған кең терезе іспетті. Кітапқа Астана қаласының тұңғыш баспасөз хатшысы, жазушы, қоғам қайраткері, ҚР Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ҚР «Ұлы Дала Қырандары» қоғамдық-әлеуметтік мәдени қозғалысының тең төрағасы, ҚР Ұлттық ат спорты Федерациясының президенті, «ТҮГЕЛ МЕДИА» бірлестігінің басшысы Сәдібек Түгелдің Астана туралы хикаялары мен сұхбаттары, алғашқы астаналықтардың өмірбаяндары, жетістіктері және Астана туралы ой-пікірлері топтастырылған.

Кітап Астана тарихына қызығушылық танытар қалың қауымға арналған.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

84(5Қаз)
Д64

Досжан, С. Арман қала [Мәтін] : [жаңа жырлар тұмары] / Сәуле
Досжан. - Алматы: Қазығұрт, 2011. – 256 б.




«Арман қала» атты жинақтың алғашқы бөлімі «Сөз қасиеті» бөлімі қасиетті көркем сөзді, жүрек қылын мадақтау болса, екінші бөлім «Жарым, саған арнадым» - махаббат пен кешірім, жан шуағы мен адалдыққа арналған. Үшінші бөлім елордасы - Астана мен жаңа қаладағы жарқын мінездерді жырлайды. Төртінші бөлім жанына жақын жандарға арналған жырлармен өрілсе, соңғы бесінші бөлімге «өмір өзенінде» туған толқынды қоңіл күйі топтасқан.

**84(5Қаз)
М84** **Мұқибекұлы, А.** Ұлылық пен мәңгілік [Мәтін] : (өлеңдер, толғаулар, поэмалар) / Ауыт Мұқибекұлы. - Алматы: Жалын, 2016. – 136 б.


Алыста жүрген ағайын тағдырына алаң кеңіл ақын бұл кітабында Ұлт Көшбасшысының Тәуелсіз Қазақ Елін құру, өркендету, дүниежүзіне таныту жолындағы Ұлы еңбектері мен шекара сыртындағы қандастарымызды Атажұртқа оралту жөніндегі дана шешіміне деген өзінің ризалығын, жүрекжарды қуанышын асқақ шабытпен тебірене жырлайды.

Президентіміздің сенімді серігіне, ұлт мақтанышына айналған бір бөлім ел ағаларына, замандастарына арналған ақжарма тілегі мен адал пейілі ерке Есілдей кемерінен асып төгіліп жатады. Сондай-ақ, Ұлы Дала төсінде бой түзеген Мәңгілік Елдің жаңа астанасын жауһар жырларымен жарқырата түседі.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

84(5Қаз) Бексейіт, С. Астана уақыты [Мәтін] : жыр кітабы / Сәбит Бексейіт. -
Б39 Астана: Астана-полиграфия, 2008. – 216 б.



*Қарағандылық ақын Сәбит Бексейіт
өзінің қарымды поэзиясымен
оқырмандар жүрегінен орын алған
талантты қаламгерлердің бірі. Сырлы
әуендерімен әрдайым ерекшеленетін
ақынның аталмыш кітабына
замандастарымыздың тыныс-тіршілігі
арқау болған.*

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

*Біз жаңа астананың негізін салдық.
Бұл — бостандық туралы ежелден
далалық арман мекен еткен қала.
Бұл — біздің жол, Қазақстан жолы!*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев



The background of the slide features a city skyline with a prominent tower on the left and a map of Kazakhstan on the right. The text is overlaid on this background.

Назар аударғандарыңызға рахмет

**Виртуалды көрме Тараз қ. ОККЖ
ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінде
жасалды**

www.libre.taraz.kz

Дайындаған Айнұр Бактиярова